

**"Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі № 6812 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 қыркүйекте № 3493 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 369 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 24.05.2016 № 369 қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Өскемен қаласының  
әкімі*

*Т. Қасымжанов*

Өскемен қаласы әкімдігінің  
2014 жылғы " 03 " 09  
№ 6812 қаулысымен  
бекітілген

**"Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысаңындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөр мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен, сондай-ақ осы Ережемен белгіленген құзырет шегінде мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сай қала әкімдігімен бекітіледі.

8. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 27, индекс 070004.

9. Мемлекеттік органның толық атауы F- "Өскемен қаласының тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, коммуникация, қалалық маңызы бар жолдар, қалаішілік қоғамдық жолаушылар тасымалы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 29.05.2015 № 11468 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

14. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) қаланың өмір тіршілік қызметін инженерлік қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін және дамытуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

2) бюджеттік саланың мекемелері мен тұрғындар алатын коммуналдық қызметтер сапасының деңгейін тұрақтандыру және одан әрі өсіру мәселелерінде коммуналдық саладағы кәсіпорындармен өзара әрекет ету;

3) қалада қолайлы қоршаған ортаны құру және қолдау бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу және көгалдандырудың, санитарлық жағдайының,

көріктендірудің қажетті деңгейін қамтамасыз ету;

4) қала аумағындағы тұрғын үй қорын сақтау және тиісті пайдалану бойынша кондоминиумдар объектілерін басқару органдарының қызметін бақылау;

5) заңнамамен белгіленген құзыреті шегінде қала аумағында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;

6) тұрғын үй қорын сақтау және тиісті пайдалану бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

15. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) тұрғын үй қорын сақтау және тиісінше пайдалану жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

2) су құбырларын, тазарту құрылыстарын, жылу мен электр желілерін және басқа да қаланың көліктік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерінің құрылысын салуды және пайдалануды ұйымдастыру;

3) қаланың жолдарын салуды, пайдалануды және күтіп ұстауды, жерлеу орындарын күтіп ұстау және туған-туысы жоқтарды жерлеуді ұйымдастыру;

4) қала аумағын абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

5) заңнамамен берілген өкілеттер шегінде коммуналдық қызметтер саласында баға (тарифтік) саясатын қалыптастыруға қатысу;

6) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін, қала жолдарын, көріктендіру объектілерін салу, қайта жаңарту және күрделі жөндеу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

7) үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің кооперативтерін құруға жан-жақты көмек пен жәрдем көрсету;

8) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін күтіп ұстау және жөндеудің ұйымдастырушылық нысанын енгізу бойынша іс-тәжірибелерді жалпылау, ұсыныстарды әзірлеу;

9) Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалдау шарттарын жасау, қажетті жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жалдаушы мен оның отбасы мүшелерін мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдалану құқығынан айырылған деп тану туралы шаралар қабылдау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген шарттармен және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен

тұрғын үйлерді коммуналдық тұрғын үй қорынан азаматтардың меншігіне беруді жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру;

11) жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға тиісті анықтама беру;

12) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

13) коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж адамдардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының кезектілік тізімдеріне жыл сайын түгендеу жүргізу;

14) коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді бөлуді қамтамасыз ету;

15) жылжымайтын тұрғын үй мүлкін иесіз, иесіз қалған деп тану және қаланың коммуналдық меншігіне тапсыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

16) авариялық үй-жайларды бұзу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;

17) тұрғын үй-азаматтық және коммуналдық мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау бойынша мемлекеттік қабылдау комиссиясының жұмысына қатысу;

18) қаланың жол-көпір шаруашылығы және көріктендіру объектілерін, жолаушылар көлігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін дамытудың мақсатты бағдарламаларын қаржылық және материалдық қамтамасыз ету мәселелерін шешуге қатысу;

19) тұрғын үй комиссиясының қызметін ұйымдастыру;

20) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

21) қалада жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

22) ағаштарды кесуге рұқсат беру;

23) тұтынушылардың жылу пайдалану құрылғыларын пайдалануын және олардың техникалық жай-күйін, жылу желілерін дайындауы және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асырылуды және олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;

24) жылу желілеріндегі (магистральдық, орамшілік) технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексерулер жүргізу;

25) жылу желілеріне (магистральдық, орамшілік) жоспарлы жөндеуді келісімдеу;

26) барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің ( магистральдық, орамшілік) күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығының паспорттарын беру;

27) коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақалуы нормалары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

28) коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

29) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

30) тахографтарды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

31) таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

32) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

33) қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар үшін қоғамдық жұмыстарды олардың тұрғылықты жерінде орналасқан қоғамдық орындарда ұйымдастыру;

34) тұрақты жұмыс орны жоқ және оқуда жоқ, мәжбүрлі еңбекке тартылған, бас бостандығын шектеуге сотталғандар үшін қоғамдық жұмыс орындарын ұйымдастыру және белгілеу;

35) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар:  
электр және (немесе) жылу энергиясын заңсыз қосу, пайдалану (тұтынушылардың жылуды пайдаланалатын құрылғылары бөлігінде), су құбыры желілерінен суды заңсыз қосу, сол сияқты кәріздік желілерге заңсыз қосылғаны;  
әзірлік паспортын алу мерзімін бұзғаны (барлық қуаттардағы қазандықтар және жылу желілері (магистральдық, орамшілік) бөлігінде);

Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасын бұзғаны (барлық қуаттардағы қазандықтар бөлігінде);

жылу желілерін бүлдіргені үшін жасау;

36) мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қала әкімі мен әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;

37) құзыреті шегінде мәселелерді қарау кезінде барлық мемлекеттік органдарда мемлекеттің мүддесін ұсыну;

38) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 29.05.2015 № 11468 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

16. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік тұрғын үй қорының мәселелері бойынша мемлекеттің

мүдделерін ұсыну және соттарда, барлық меншік нысанындағы ұйымдарда оның мүліктік құқықтарын қорғау;

2) көріктендіру саласындағы қызметтерді жетілдіру туралы қала әкіміне және орындаушы органдарға ұсыныстар енгізу;

3) акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетімен және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде қатысу үлестерімен, мемлекеттік заңды тұлғалар құқықтарының субектісімен иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыру, соның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес тиісті саладағы уәкілетті органдардың құзыретіне ұқсас шешімдер қабылдау;

4) алынып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 29.05.2015 № 11468 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) әзірлеушісі мекеме болып табылатын, әкімнің және әкімдіктің нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық мониторингті жүзеге асыру және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылған деп тану бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді орындау.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 29.05.2015 № 11468 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **3. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

17. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын қала әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке

тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен анықталатын құзыретіне сәйкес мекеме қызметінің мәселелерін шешеді;

2) мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте кеңестерді шақырады;

3) мекеме қызметкерлерінің өкілеттігін анықтайды;

4) барлық ұйымдарда мекеменің мүдделерін қорғайды;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шараларды қабылдайды және ол үшін дербес жауаптылықта болады;

6) заңнамамен қарастырылған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 29.05.2015 № 11468 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

22. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.



**5. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ